



# Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№4 (10 310)

30 қаңтар

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

## АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ПРЕЗИДЕНТ БАС ПРОКУРАТУРАДА ЖИЫН ӨТКІЗДІ



Президент әлеуметтік желіде ақпарат таратуда заң талаптары ескерілуі қажет екенін айтты.

— Технологияның қарқынды дамуы ақпараттық кеңістіктің түбегейлі трансформациясына жол ашады. Қоғамды жікке бөліп, азаматтарды бір-біріне қарсы қоятын деструктивті ақпарат таратуға бейіл адамдар да бар. Мұның бәрі өшпенділікке бастайтын ешкімге қажетсіз, тіпті қауіпті пінталасқа жолғасады. Жасанды интеллектіні осындай адамдар ақпараттық қаруға айналдырып, заңға қайшы келетін контенттерді көптеп тарата бастайды. Бұған жол беруге болмайды. Ондай әрекеттерге құқықтық баға беріп, жауапкершілікке тарту қажет. Азаматтарға деструктивті контентті таратудың құқықтық салдары жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы төртіпсіздік пен заңсыздыққа жол беруге болмайтынын атап өтті.

— Ұлттық құрылтай отырысында мен отаншылдық ұғымы туралы пікірімді айттым. Отаншылдық, бұл жай ұран емес, отаншылдық дегеніміз — қасиетті сезім, мұның өсіреултшылдыққа еш қатысы жоқ. Қазақстанда біз отаншылдық ұғымына жауапкершілік және жасампаздық тұрғысынан қарауымыз керек, яғни отаншыл азамат ең алдымен жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік — саяси ұпай жинау немесе қызметтік мансап жасау емес, бұл — Отаныңа жақсылық жасау, еліңе пайда әкелу деген сөз, — деді Президент.

Сонымен қатар жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылардан, заңгерлерден, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан, кәсіптік және бизнес қауымдастықтардан 2 мыңнан аса ұсыныс пен бастама келіп түскен.

Осыған дейінгі отырыстарда Комиссия мүшелері Конституцияның преамбуласының түбегейлі жаңа редакциясын, бірқатар баптарды және бөлімдерді әзірлеп, қарастырды.

Мемлекет басшысы алдағы Конституциялық реформа еліміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ал, Комиссия жұмысы Конституциялық реформаларды іске асыруда өте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

бірыңғай цифрлық экожүйе жасалуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың дербес деректерін қорғау қажет екенін айтты.

— Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады. Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы киберқылмыспен күрес мәселесіне тоқталды.

— Әлемде киберқылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл — өте төмен көрсеткіш. Киберқылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет. Цифрлық қатерге төтеп беру үшін құқық қорғау органдары бір қадам алда жүруге тиіс. Озық ойлап, артта

қалмаудың амалын табу қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыруды өте өзекті мәселе ретінде атады.

— Көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл — өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүние жүзінде кең ауқымды көші-қон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан — басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақтылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру — аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты. Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектіні жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.

— Қоғамымызға, жалпы елімізге заң үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шет елдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағидаты ретінде қабылдануы керек, бұл қағидатты жаңа Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі, бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршең қағидат екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің заңның бұзылуына бейтарап, селқос қарауға құқығы жоқ, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін цифрландыру үдерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды.

— Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы, кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал, кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жаңа дүние жасаудың қажеті жоқ. Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, тексеріп, олардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Күшікті құрылымдарға арналған түсінікті құрылымы бар және технологиялық стандарттары біркелкі

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы — Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімова, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары — Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Конституциялық комиссияның бұған дейін өткен отырыстарының нәтижесі туралы мәлімет берілді. Эльвира Әзімова Комиссия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық отырыс медиа кеңістікте, соның ішінде арнайы телеграмм арналары арқылы тікелей көрсетіліп жатқанын баяндады.

Конституциялық комиссия төрағасы жарты жыл бойы



Конституциялық реформаларды қоғамдық талқылау өткізілгенін айтты. Электронды платформаға азаматтардан, құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылардан, заңгерлерден, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан, кәсіптік және бизнес қауымдастықтардан 2 мыңнан аса ұсыныс пен бастама келіп түскен.

Осыған дейінгі отырыстарда Комиссия мүшелері Конституцияның преамбуласының түбегейлі жаңа редакциясын, бірқатар баптарды және бөлімдерді әзірлеп, қарастырды.

Мемлекет басшысы алдағы Конституциялық реформа еліміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ал, Комиссия жұмысы Конституциялық реформаларды іске асыруда өте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

## Үкімет Президент тапсырмасына сәйкес «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын бекітті



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы қаралды. Онда оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнзарова және ішкі істер министрі Ерман Сәденов баяндама жасады.

Бүгінде елімізде шамамен 7 млн бала өсіп келеді. Яғни, халықтың үштен бір бөлігінен астамын балалар құрап отыр, нақты айтсақ – 34%.

«Еліміздің болашағы отаншыл, жасампаз ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Балаларға жан-жақты қамқорлық жасау – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Бұл орайда мемлекет өскелең ұрпақтың өмір сапасын жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдап келеді. «Қазақстан балалары» тұжырымдамасында білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік қамсыздандыру және отбасының әл-ауқаты саласында балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі нақты іс-шаралар жоспары қамтылған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Соңғы жылдары балалардың құқықтарын қорғау бойынша бірқатар шара қабылданғаны атап өтілді.

Заңнамалық база айтарлықтай кеңейтілді. Әсіресе, балаларға қатысты қылмыстық әрекеттер үшін жазаның бұлтартпас қағидаты қатаң сақталады.

Отбасы мәселелері, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бойынша 111 бірыңғай байланыс орталығы іске қосылды. Оған жүгінген жағдайда міндетті түрде көмек көрсетіліп, тексеру шаралары жүргізіледі.

Барлық өңірде бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер жұмыс істейді. 1 ақпаннан бастап барлық білім беру ұйымына «тосыннан тексеру» қағидаты бойынша ерекше бақылау мен қадағалау жүйесі енгізіледі. Бұл бала-

ларды сауықтыру, олардың қауіпсіздігі мен тамақтану мәселелеріне қатысты. Осыған байланысты Премьер-министр Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Мәдениет, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Туризм және Ішкі істер министрліктеріне әкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың 30 қаңтарына дейін ерекше бақылау мен қадағалауға жататын нысандар тізілімін дайындауды тапсырды.

Балалардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында қамқоршылық органдары мамандарының жаңа штаттық нормативі енгізілді – 5 мың балаға кемінде бір маман. Бұл олардың санын бір жылда үш еседен астам арттыруға мүмкіндік берді. Осы мамандар қатарынан әр өңірде бала құқықтарын қорғау басқармалары құрылуда.

Бұл ретте Премьер-министр өңірлердің көпшілігінде бұл іске тиісті көңіл бөлінбей отырғанын, сондай-ақ Ақмола, Ақтөбе облыстарында және елордада ғана нәтижелі жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Қалған өңір әкімдіктеріне екі ай ішінде бала құқықтарын қорғау басқармаларын құру ісін аяқтау тапсырылды.

Өткен жылдың 1 шілдесінен бері қолданыста болған отбасына орналастырудың жаңа нысаны – баланы қабылдайтын кәсіби отбасы енгізілді. Оларды қамтамасыз етуге тиісті қаражат көзделген. Алайда, бірде-бір облыста жұмыс жүргізілмеген. Өңір әкімдіктеріне бұл бағытта жұмысты жандандыру тапсырылды.

Премьер-министр медициналық

мамандардың, дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігін, балаларды оңалту мәселелері бойынша түсіп жатқан шағымдар, сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы мамандар – дефектолог, логопед, сурдологтер тапшылығын қоса алғанда, балалардың денсаулығын қорғау саласындағы түйткілді мәселелерге тоқталды.

Балалардың, соның ішінде олардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзекті. Көптеген ауыл балалары үйірмелер мен заманауи білім беру технологияларынан тыс қалатыны атап өтілді. Жасөспірімдерге тиісті көңіл бөлінбейді ері олар өзін дамыту үшін тың мүмкіндіктерден айрылып отыр.

Бұл бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Ішкі істер министрліктері мен өңір әкімдіктері арасындағы ведомствоаралық үйлестіруді күшейту қажет.

Тұжырымдамада көзделген нысаналы индикаторлар балаларды дамытудың, қолдау мен қорғаудың орнықты жүйесін қалыптастыруы тиіс.

Премьер-министр Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен бірлесіп, Тұжырымдамадағы барлық іс-шаралардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуді, бала құқықтары жөніндегі уәкілмен тиімді өзара іс-қимылды жолға қоюды, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру бойынша ақпараттық науқанды ұйымдастыруды тапсырды.

Үкімет дауыс беру қорытындысы бойынша «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын бекітті.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға бекітілді.

### ТУРИЗМ

## Жетісу облысында Алакөл жағалауының санитарлық жағдайы мен туристік инфрақұрылымы жақсартылады



Мемлекет басшысының Жетісу облысындағы Алакөл жағалауының туристік инфрақұрылымын және қызмет көрсету сапасын жақсарту туралы тапсырмасына сәйкес бірқатар жүйелі шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, жағалаудың санитарлық жағдайына ерекше назар аударылып отыр. Көл маңында қоқыс шығару мәселесін шешу үшін ауданы 10 га жерге қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Бұл ретте биыл жазғы маусымда Алакөл көлінің жағалауында қосымша 100 қоқыс контейнері, 40 киім ауыстыратын орын, 40 биодеретхана, 40 құтқару мұнарасы, 13 км. буй желілері және 8 пирс орнатылады. Бұл туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен селектор режимінде өткен Үкімет отырысында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, көл жағалауының аумағын тұрақты күтіп ұстау, санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мақсатында «Алакөл Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылды. Оның материалдық-техникалық базасын жасақтау мақсатында 20 арнайы техника сатып алынды.

Туристік инфрақұрылымды жақсарту мәселесіне келсек, бұған дейін Талдықорған қаласынан Алакөл жағалауына дейінгі, сондай-ақ, «Үшарал – Достық» бағытындағы автомобиль жолдары қайта жаңғыртылған болатын. Үшарал қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағына реконструкция жүргізіліп, ірі әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік жасалды. Бұл ретте өткен жылдың жазғы маусымы барысында Астана және Алматы қалаларынан авиарестер субсидияланды. Келесі қадам - әуежайды қайта жаңартудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Қол сияқты Алакөл бағыты бойынша Астана, Алматы, Өскемен, Семей, Павлодар, Қызылорда қалаларынан 12 пойыз қатынайды. 2023 жылдан бастап «Астана – Достық» бағыты бойынша «Тальго» пойызы іске қосылды.

- Былтыр Алакөлдің жағалауында Бескөл мен Ақши ауылдары арасында 57 шақырым электр желісі мен 2 қосалқы станцияның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Ақши ауылында көріз жүйесін салу жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы бірінші кезеңі жасалып, көріз құбырлары толық салынып бітті. Қазіргі кезде көл жағалауын бекіту бөгеті құрылысының бірінші кезеңі жүзеге асырылып жатыр, екінші кезеңі бойынша жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде. Ал, жүзу құралдарының қозғалысын бақылауды күшейту және демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыста Жалпы су пайдаланудың қағидалары бекітілді, - деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, статистикалық деректерге қарағанда Алакөл көлінің жағасында 277 туристік нысан жұмыс істейді. 2025 жылы 17 жаңа туристік нысан іске қосылған.

## Жетісуда туризмді дамыту: биылғы жазғы маусымға дейін Балқаш көлінің жағалауында екі коммуналдық жағажай ашылады



Жетісу облысында туризм саласын дамыту бағытында жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Осы орайда туристік әлеуеті жоғары Балқаш көлінің жағалауын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында жасаған баяндамасында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, Жетісу облысының туристік дамуында 5 дестинацияға басымдық беріледі, соның бірі Балқаш көлі. Атап өтсек, 2025 жылғы жазғы маусымға дейін көл жағалауына апаратын автомобиль жолдары қатынасы толықтай қамтамасыз етілді.

- Лепсі станциясында жаңа теміржол вокзалының құрылысы биыл аяқталады. Өткен жылы Лепсі ауылынан Балқаш көліне дейінгі электр, ауыз су желілері тартылды. Көл жағалауында инженерлік-коммуникациялық желілерін салу аяқталу сатысында, дайындық деңгейі 90%. Биыл жобаны толық аяқтау үшін жергілікті бюджеттен қажетті қаржы бөлінді. Сонымен қатар осы жылы жазғы маусымға дейін жағалауда 2 коммуналдық жағажай салынады, - деді Б. Исабаев.

Балқаш көлі жағалауының аумақтарын тұрақты күтіп ұстауды қамтамасыз ету үшін «Балқаш Тазалық» коммуналдық кәсіпорны құрылды. Оған жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, 21 арнайы техника сатып алынды. Еске салсақ, суда жүзу құралдарының қозғалысын бақылау мен демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыста Жалпы су пайдаланудың қағидалары бекітілген болатын.

Жалпы Балқаш көлінің жағалауын тиімді дамыту мақсатында Бас жоспар мен жағалау аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Аталған құжаттар аясында өңірде көл жағалауын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жағалауда қажетті инженерлік инфрақұрылымның құрылысы толық аяқталғаннан кейін өңір әкімдігі тарапынан заманауи демалыс аймақтарын салу үшін инвесторларды тарту жұмыстары жүргізілетін болады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

## ЖЕТІСУ ТУРИЗМІ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМУДА, ТУРИСТЕР ЛЕГІ КӨБЕЙДІ, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨЛЕМІ АРТТЫ



Соңғы жылдарда Жетісу облысында туризмді дамытуға бөлінген қаржы өңірдің даму бюджетінің шамамен 30%-ын құрады. Соның нәтижесінде аймақтағы туристік саласы тұрақты өсім көрсетуде. Мәселен, 2025 жылғы мониторинг бойынша өңірге келген туристер саны 11%-ға, оның ішінде шетелдік туристер саны 60%-ға, ал көрсетілген қызметтер көлемі 17%-ға өсіп, нөмірлік қор 23 мың төсек

орынға жетті. Осы жөнінде және туризмді дамытуға бағытталған басқа да шаралар туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен селектор режимінде өткен Үкімет отырысында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, Жетісу облысының туристік дамуы 5 басым бағыттағы дестинацияларға негізделген.

Олар – Алакөл мен Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркітері, сондай-ақ, Жоңғар Алатауы тау жотасы.

- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста дербес Туризм басқармасы құрылды, 5 ауданда туризм бөлімдері ашылды. Алакөл мен Балқаш көлдерінің жағалауы аумақтарын тұрақты күтіп ұстау мақсатында «Алакөл Тазалық» және «Балқаш Тазалық» коммуналдық кәсіпорындары құрылды. Кәсіпорындарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға 41 арнайы техника сатып алынды. Сондай-ақ суда жүзу құралдарының қозғалысын бақылауды күшейту және демалушылардың қауіпсіздігін үшін облыста Жалпы су пайдаланудың қағидалары бекітілді, - деп атап өтті Б.Исабаев.

Өз сөзінде облыс әкімі Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауында инфрақұрылымды дамыту шараларына да назар аударды. Сол сияқты экологиялық туризмді дамыту мәселесіне де тоқталды. Сөзінің қорытындысында Бейбіт Исабаев облыста туризмді дамыту және туристерге жағдай жасау жұмыстары тұрақты бақылауда екенін жеткізді.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## ● ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҮКШ

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЖЕТІСУДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ КӨЛЕМІ 400 МЫҢ ШАРШЫ МЕТРДЕН АСЫП, 11%-ҒА ӨСТІ



2025 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысында негізгі салалардың барлығында, оның ішінде құрылыста және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында тұрақты өсімге қол жеткізілді. Атап айтқанда, 412,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 11%-ға артқан, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы орайда Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында «Самұрық-Қазына» инвестициялық холдингінің қаражаты есебінен салынған 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Жаңа пәтер кілттері әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға табысталды. Олардың қатарында көп балалы және толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ, мүгедектері бар азаматтар бар.

## ДЕНСАУЛЫҚСАҚТАУ

## Жетісу облысы: «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 59 нысан салынды

Жетісу облысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының аясында жалпы саны 59 нысан салынды. Атап айтқанда, 2023-2025 жылдар аралығында 15 дәрігерлік амбулатория, 39 фельдшерлік-акушерлік және 5 медициналық пункттің құрылысы аяқталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, медициналық көмектің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету және шалғайдағы ауылдарды медициналық қызметпен қамту мақсатында қолға алынған Ұлттық жоба аясында Кербұлақ ауданында - 17, Панфилов - 11, Алакөл - 9, Қаратал - 6, Ескелді - 5, Ақсу мен Көксу аудандарында - 4-тен, Сарқан ауданында 3 денсаулық сақтау нысаны бой көтерді.

Солардың бірі - өткен жылдың соңында құрылысы аяқталып, осы жылдың қаңтар айында ашылған Панфилов ауданы Диханқайрат ауылындағы жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт. Атап айтқанда, бұл ауылда 1 200 тұрғыны бар. Бұған дейінгі медициналық мекеме 1980 жылы салынған ескі ғимарат болғандықтан, қызмет көрсетуде қолайсыз болатын. Жаңадан пайдалануға берілген ғимарат қажетті медициналық құралдармен жабдықталып, заманауи инженерлік жүйелермен толық қамтылған. Мұнда қабылдау бөлмесі, алдынала қабылдау және күндізгі қабылдау бөлмелері, емдеу бөлмелері, вакцинация кабинеті және басқа да қажетті



бөлмелер қарастырылған. Жаңа ФАП-та 3 медицина маманы жұмыс істейді. Солардың бірі отыз жылдан астам тәжірибесі бар фельдшер Гулинұр Қамбарова жаңа ғимаратты көптен күткенін жеткізді. - Біз бұрынғы ғимаратты көмірмен жылытып, тар бөлмелерде қолайсыз жағдайда тұрғындарға медициналық көмек көрсетіп келдік. Заманауи медициналық жабдықтар жоқ болғандықтан, тұрғындарды көбіне аудан орталығына жіберетінбіз. Қазір жаңа

фельдшерлік-акушерлік пунктте алғашқы көмек көрсетуге, емдік шаралар жүргізуге қажетті жабдықтардың барлығы бар. Мекеменің электрмен жылытылатыны, кең, жарық әрі қолайлы болғаны қуантады, - дейді ол.

Бұл қуанышты жаңалыққа ауыл тұрғындары да риза.

- Ауылымызда жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт ашылып отыр. Бұрын да осындай мекеме болған, бірақ ол тар, ескі ғимарат еді. Қазіргі ФАП кең, қажетті емдік бөлмелері жеткілікті, заманауи жабдықтары бар. Ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтауға осындай қолайлы жағдай жасалғанына қуаныштымыз, - дейді ауыл тұрғыны Баян Көбенбаева.

Атап өтсек, Ұлттық жобаға Панфилов аудандық көпсалалы аурухана да енгізілген. Қазір аталған нысанның қолданыстағы ғимаратын қайта жаңарту мен жаңа корпусын салу бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотограф:**  
**Дмитрий Ерофеев,**  
**Биратир фотосуреттерді**  
**Панфилов ауданының**  
**әкімдігі ұсынды.**



- Мен 2017 жылдан бері тұрғын үй кезегінде тұрғанмын. Екі баламды жалғыз өзім тәрбиелеп келемін. Біздің отбасымыз үшін жаңа жыл жағымды жаңалықпен басталып, бізге екі бөлмелі пәтердің кілті берілді. Енді өз баспанамыз бар, бұл біз үшін айтулы қуаныш, - деп ой бөлісті жаңа қоныс иелерінің бірі Орынбасар Қалалиева.

Оның сөзін Сарыөзек ауылының тағы бір тұрғыны Еркегүл Жомартбек те қостады:



- Мен III топтағы мүгедекпін. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу кезегінде тура он жыл, яғни 2016 жылдан бері тұрдым. Бүгінде отбасымыздың өз шаңырағы болғанына өте қуаныштымын. Менің үш қызым бар, жаңа пәтерде барлығына кең әрі жайлы болады, өйткені бізге үш бөлмелі пәтер берілді. Барлық жаңа қоныстанушыларды шын жүректен құттықтаймын және осы игі, сауапты іске атсалысқан барша азаматтарға алғысымды білдіремін, - деді ол.

Сарыөзек ауылының тағы бір тұрғыны Еркегүл Жомартбек те осындай пікірде:

- Мен III топтағы мүгедекпін. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу кезегінде тура он жыл, яғни, 2016 жылдан бері тұрдым. Қазір отбасымыз жаңа пәтеріне ие болды. Менің үш қызым бар, бізге берілген үш бөлмелі пәтер балаларым үшін кең әрі жайлы болатыны қуантады. Барлық жаңа көршілерімді шын жүректен құттықтаймын, осы игі іске үлес қосқан барша жандарға алғысымды білдіремін, - деді ол.

Атап өтсек, өткен жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысында кезекте тұрған 2166 азаматқа берілетін тұрғын үй дайындалды, соның 1002-сі жаңа қонысқа кірді, бұл ретте тұрғын үй бөлу функциясы өткен жылдың мамыр айынан "Отбасы банкке" берілген болатын.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Жеңіс Ысқабай.**

## АРДАГЕРЛЕР – ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ТІРЕГІ

Жуырда «Қобызшы Мольқбай» атындағы мәдениет үйінде «Ардагерлер – тыныштық пен берекенің ұйытқысы» деген тағылымды атаумен Ақсу аудандық ардагерлер кеңесінің XII есептік - сайлау конференциясы жоғары деңгейде өтті. Аталған басқосу – аудан өміріндегі қоғамдық - саяси маңызы зор, ардагерлер қозғалысының өткені мен бүгінгіне баға беріп, алдағы бағыт - бағдарын айқындаған маңызды жиын болды.

Конференция жұмысына аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы, аудандық ардагерлер ұйымының мүшелері, қоғамдық кеңес өкілдері, үкіметтік емес ұйым жетекшілері, жастар ұйымдарының басшылары мен сала мамандары қатысты. Бұл – ардагерлер мен қоғамның түрлі буыны арасындағы тығыз байланыстың, сабақтастықтың айқын көрінісі.

Жиын барысында Ақсу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев 2021–2026 жылдар аралығында атқарылған жұмыстардың қорытындысы жөнінде жан - жақты баяндама жасады. Баяндамада ардагерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, қоғамдық келісімді нығайту, жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында жүзеге асқан нақты істер мен жобалар кеңінен қамтылды.

Төраға өз сөзінде ардагерлер кеңесінің аудан көлемінде қоғамдық тұрақтылықты сақтауда, өскелең ұрпаққа өнеге көрсетуде және мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіруде белсенді жұмыс атқарып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, алдағы кезеңге қойылған мақсат - міндеттерге де тоқталып, ардагерлер ұйымының қоғамдағы рөлін одан әрі арттыру қажеттігін айтты.

Конференция барысында жарыссөзге шыққан ардагерлер кеңесінің мүшесі Алтай Мендиханов, «Жанұя» отбасын қолдау орталығының директоры, «Жансұғинов» қоғамдық қорының төрайымы Құлайхан Дәулетбекова, «JETISY JASTARY» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «AQSU JASTARY» филиалының жетекшісі Балғын Тілеубергенова, аудандық қоғамдық қауымдастық төрағасы Ғабит Мұсабаханов өз пікірлерін ортаға салды.

Олар аудандық ардагерлер кеңесінің атқарған жұмысына қанағаттанарлық баға беріп, ұйымның қоғамдағы беделінің жоғары екенін атап өтті. Әсіресе, ардагерлер мен жастар арасындағы байланысты нығайту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар оң бағаланды.

Жиын барысында аудан ардагерлері өздерін толғандырып жүрген әлеуметтік, медициналық, тұрмыстық мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, тиісті сала өкілдерінен нақты әрі қанағаттанарлық жауаптар алды. Бұл – конференцияның ашық диалог алаңы ретінде өткенінің дәлелі.

Конференция соңында аудандық ардагерлер кеңесінің жаңа құрамы бекітіліп, сайланған жеті мүшенің дауыс беруі арқылы Ақсу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып Амангелді Айтбаев қайта сайланды. Бұл шешім – ардагерлердің оған деген сенімінің, атқарған еңбегіне



берілген әділ бағасының айқын көрінісі.

Соңында аудан өнерпаздары ән жырдан шашу шашып, домбырадан күй төкті.

Қорытындылай келе, Ақсу аудандық ардагерлер кеңесінің XII есептік-сайлау конференциясы ұйымның алдағы кезеңдегі жұмысын жүйелеп, жаңа серпін

беретін маңызды жиын болды. Ардагерлер – елдің ақыл - ой қазынасы, қоғамдық тұрақтылықтың тірегі. Осындай тағылымды басқосулар арқылы олардың тәжірибесі мен өмірлік өнегесі жас ұрпаққа жол табары сөзсіз.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

## АНАНЫҢ МЕЙІРІМІ – ҚОҒАМНЫҢ МӘНГІЛІК ТІРЕГІ



Жуырда «Қобызшы Мольқбай» атындағы мәдениет үйінде мазмұны терең, тағылымы мол басқосу өтті. «Ананың мейірімі – қоғамның тірегі» тақырыбында өткен Ақсу ауданының аналар форумы – ананың қоғамдағы орны мен еңбегін жаңа қырынан танытқан, отбасылық құндылық пен еңбек мәдениетін ұштастырған маңызды алаңға айналды.

Форум Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің тапсырысы аясында, «Өрендер» академиясы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өтті. Шараның негізгі мақсаты – отбасындағы ананың рөлін, аналық мейірім мен еңбектің қоғамдағы маңызын дәріптеу, 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында әйелдердің еңбекке араласу, кәсіби даму мен отбасылық құндылықты қатар алып жүру тәжірибесін кеңінен насихаттау болды. Сонымен қатар, ана мен балаға қолдау көрсетудің әлеуметтік тетіктерін талқылау, әйелдердің қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттыру және аналар қауымдастығы арасында өзара тәжірибе алмасуға жағдай жасау негізгі міндеттердің бірі ретінде айқындалды.

Форум пікірталас пен мотивациялық кездесу форматында өтіп, қатысушылар үшін еркін ой алмасуға, шынайы тәжірибелермен бөлісуге мүмкіндік берді. Әсіресе, аналардың қолөнер, кәсіпкерлік, әлеуметтік белсенділік бағытындағы жетістіктері мен жұмысшы әйелдердің табыс тарихы көпшілікке үлгі ретінде ұсынылды. Бұл – жастарды ананың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеудің жарқын көрінісі болды.

Форумның ашылу салтанатында алғашқы сөзді Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Алматы Сайлаубеков алып, аналарды мазмұнды шараның басталуымен құттықтады. Ол өз сөзінде ананың отбасы ғана емес, тұтас қоғамның тірегі екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан әйелдер мен аналарды қолдауға бағытталған бастамалардың маңыздылығына тоқталды.

«Ананың еңбегі – елдің өркені» атты пленарлық бөлімде облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жамал Баймадиева «Ұрпақ тәрбиесіндегі ананың еңбегі – мәңгілік мектеп» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Ол ананың тәрбиелік миссиясы ұлттың болашағын айқындайтынын, ал мейірім мен жауапкершілікке негізделген тәрбие – қоғамның рухани тұғыры екенін ерекше атап өтті.

Келесі кезекте облыстық ата-аналар комитетінің төрайымы Дания Қыдырбаева «Іскер әйелдер – еліміздің болашағын қалыптастырудың негізгі тірегі» тақырыбында сөз сөйлеп, қазіргі заманғы әйел бейнесінің жаңа қырларын ашты. Ол аналардың кәсіби дамуы мен еңбек нарығындағы белсенділігі ел экономикасының тұрақты дамуына тікелей әсер ететінін нақты мысалдармен жеткізді.

Форумды ұйымдастырушы «Өрендер» академиясы ҚБ төрағасы, облыстық үкіметтік емес ұйымдарының күміс волонтері Бақыт Қалиева «Жұмысшы жылы: әйелдердің еңбек нарығындағы әлеуеті және қолдау шаралары» тақырыбында дәріс оқыды. Ол жұмысшы мамандықтар жылы аясында әйелдердің еңбегін насихаттау, аналарды кәсіби қолдау және олардың әлеуетін толық іске асырудың маңыздылығына кеңінен тоқталды.

Шара барысында психолог-тренер Бақыт Асанқызы «Ананың эмоционалды саулығы – отбасының бақыт кілті» тақырыбында тренинг өткізіп, аналардың ішкі күйі мен психологиялық тепе-теңдігі отбасының берекесіне тікелей әсер ететінін айтты. Тренинг қатысушылар үшін ой салатын, рухани дем беретін мазмұнда өтті.

Форум соңында аудандық аналар кеңесінің төрағасы Бақыт Құрманғалиева сөз алып, жиынды қорытындылады. Ол тәжірибелік алаң мен кері байланыс ұйымдастырып, қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сонымен қатар, аналар арасындағы ынтымақтастықты күшейту бағытындағы бастамаларды атап өтті.

Шара аясында «Ананың алақаны – бала бақыты» атты бейнеролик көрсетіліп, оқушылар мен жастардың шығармашылық өнерлері көпшілік назарына ұсынылды. Бұл көріністер форумның тәрбиелік мәнін одан әрі арттырып, ананың мейірімі мен еңбегіне деген құрметті күшейтті.

Ашық пікір алаңында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, нақты ұсыныстарын білдірді. Нәтижесінде форум қарары қабылданып, бірқатар маңызды бастамалар белгіленді. Күтілетін нәтижелер ретінде аналар қауымдастығының өзара байланысын нығайту, еңбекқор әрі белсенді аналардың аудандық деректер банкіне қалыптастыру, аналардың қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған ұсыныстар пакетін әзірлеу және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында аналар еңбегін насихаттайтын арнайы акциялар ұйымдастыруға негіз қаланды.

Қорытындылай келе, «Ананың мейірімі – қоғамның тірегі» атты Ақсу ауданының аналар форумы – ананың қадір-қасиетін ұлықтаған, еңбек пен мейірімді қатар өрген, қоғамға ой салған тағылымды жиын болды. Мұндай басқосулар аналардың әлеуетін ашып қана қоймай, ел болашағы – ұрпақ тәрбиесінің берік іргетасын қалауға қызмет ететіні сөзсіз.

Ербол ӨБДКӨРІМҰЛЫ.

"Өмір нұры" ақпараттық қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

## ҰСТАЗДЫҚ ПЕН ҰЛТ РУХЫН ҰШТАСТЫРҒАН ҒҰМЫР



Адам баласының бұл өмірдегі ең ұлы миссияларының бірі – ұрпақ тәрбиелеу. Сол қасиетті жолда маңдай терін төгіп, саналы ғұмырын шәкірт жүрегіне білім мен тәрбие дәнін себуге арнаған асыл азаматтардың есімі ел жадында мәңгі сақталады. Сондай тағылымды тұлғалардың бірі – Аубакиров Айғали Иманғалиұлы.

Арғы тегі ел қорғаған ер – Төнеке батырдың тікелей ұрпағы, батырдың төртінші әйелінен туған Қасеннен тараған Әубәкір, одан Иманғали, сол әулеттің асыл жалғасы Айғали Иманғалиұлы – тектілікті қанымен, елдік рухты жанымен арқалап өткен азамат еді. Бұл – жай ғана шежіре емес, ұлтқа қызмет етудің үзілмеген желісі.

Айғали Иманғалиұлы 1956 жылы 26 қаңтарда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келді. Жастайынан зерек, алғыр болып өсті. Әкесіз өскен жалғыз ұл анасына сүйеу, қамқоршы бола білді. Оның бойындағы жауапкершілік, сабыр, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді асыл қасиеттердің бәрі де ана тәрбиесінен бастау алды.

Анасы Нұржамал Байматайқызы – Ақсу редакциясында абыроймен қызмет атқарған, елге сыйлы, өнегелі жан еді. Ол ұлына тек өмір сыйлап қана қойған жоқ, өмір сүрудің мәнін, адамдықтың өлшемін, адалдықтың биігін үйрете білді. Заманның қиындығына мойымай, жалғыз ұлын қатарынан қалдырмай өсіріп, әкесінің жоқтығын білдірмей тәрбиелеген асыл анадан алған тәрбие Айғали Иманғалиұлының бүкіл ғұмырына темірқазық болды.

Жастық шағында аспанмен тілдесуді армандаған Айғали ағамыз 1977 жылы Бугурсалин ұшқыштар училищесін тәмамдап, 1982 жылға дейін Талдықорған қаласындағы әуеайлақта ұшқыш болып еңбек етті. Бұл – батылдық пен тәртіпті, жауапкершілік пен дәлдікті талап ететін мамандық. Алайда оның жүрегі білімге, адам тәрбиесіне қарай бет бұрды. Арман жетегімен, жан қалаумен 1985 жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1990 жылы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты.

Осылайша ол өз ғұмырының ең ұзақ та ең мағыналы кезеңін – ұстаздық жолды бастады. Айғали Иманғалиұлы 35 жылға жуық мектеп қабырғасында табанды еңбек етті.

1979 жылы Чапаев (қазіргі Е.Сықымов) атындағы мектепте Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып қызметке кіріссе,

1983 жылы Ұлы Октябрьдің 60 жылдығы (Қазіргі Ж.Сыдықов) атындағы мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болды.

1986 жылдан бастап қайтадан Алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізді.

1992 жылы педагог – ұйымдастырушы қызметін абыроймен атқарды.

Ал 1995–1999 жылдар – ел тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі. Тоқырау, жоқшылық, жылусыз, жарықсыз қалған мектеп тағдыры Айғали Иманғалиұлының иығына түсті. Сол жылдары ол мектеп директоры ретінде біліктілігімен, іскерлігімен, адамгершілігімен тығырықтан жол тапты. Әр сыныпқа жеке – жеке пеш салдырып, ата – аналармен тіл табысып, балалардың тоңбай, алаңсыз білім алуына жағдай жасады. Бұл – жай басқару емес, бұл – шынайы жанашырлықтың, нағыз басшылықтың үлгісі еді. Осындай еңбегінің арқасында ол ауданның сыйлы азаматтарының біріне айналды.

1999 жылдан бастап қайтадан Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ретінде қызмет етіп, жас ұрпақтың бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілікті сіңірді. Туған жерді қорғау – қасиетті парыз екенін саналарына бекем орнатты. Қатаң тәртіп пен әділ талапты ұштастыра отырып, шәкірттерін салауатты өмір салтына баулыды.

Таза да адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Айғали Иманғалиұлы: «Қазақстан патриоты – Отан» медалімен, ҚР Білім министрлігі мен Алматы облыстық білім департаментінің марапаттарымен, Облыстық Қорғаныс департаментінің Құрмет грамотасымен, Қарулы Күштердің 20 жылдық медалімен және Совет Одағының Батыры Талғат Бигелдинов медалімен марапатталды.

Бұл марапаттар – темір мен қағаз ғана емес, ел алдындағы еңбектің, шәкірт жүрегіңдегі алғыстың белгісі.

Айғали Иманғалиұлы – тек ұстаз ғана емес, отбасының асқар таудай тірегі, аяулы жар, өнегелі әке болды. 1979 жылы ақ халатты абзал жан, білікті маман Күлімхан Омарбекқызымен шаңырақ көтеріп, көпке үлгі боларлық отбасы құрды. Ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырған, берекесі мен бірлігі жарасқан әулет ел ішінде сый – құрметке ие болды.

Бүгінде сол әке тәрбиесінің, аналық мейірімнің жалғасы ретінде тоғыз немере өсіп келеді. Бұл – Айғали тегінің, өнегелі өмірінің мәңгілік жалғасы.

Айғали Иманғалиұлының ғұмыры – ұстаздыққа адалдықтың, азаматтыққа беріктіктің, адамдыққа тазалықтың айқын үлгісі. Ол салған із, қалдырған өнеге, сепкен тәрбие дәні әлі талай жүректе бүр жарып, ел болашағына қызмет ете беретіні сөзсіз.

Жақсының аты өлмейді, Ұстаздың хаты өшпейді.

Айғали Иманғалиұлы – ел жадында мәңгі сақталатын асыл есім.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,**  
"Ақсу өңірі" ЖШС директор – бас редакторы.

### ● ЖЫР АЛЫБЫ – ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ 180 ЖЫЛ!

## Фибратқа тола жұмар иесі

Жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 180 жыл. Қазақтың маңдайына біткен алып тұлға 1846 жылдың 28 ақпанында Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Жамбыл Жабаев Ұлы жүздің шапырашты тайпасының Екей руынан шыққан. Арғы аталары дәулетті болса да, Жамбылдың әкесі Жапа шаруа кісі болған. Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен-ақ таныла бастаған. Бозбала шағынан ортасын ән мен жырға кенелтіп, көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылған. Сол кезде көпшіліктің аузынан түспей жүрген Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның батасын алған.

Жамбыл «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін көрсеткен. Жамбыл Жабаев шығармашылығының шарықтау шегі тоқсан жастан асқан шағына тура келеді. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның онкүндігінде шымылдығын Жамбыл ашты. 360 өнерпаз барған бұл мәдениет күндерінде жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың, әнші Күләш Байсейітованың абыройы асқақтады. Жамбыл сол жылы «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталды. Жамбылдың



шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарайды. Жамбыл көзінің тірісінде КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған. Ақынның «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы», «Бақ, дәулет, ақыл» дастандары бар.

Ақынның соғыс жылдары отан қорғау тақырыбына арнап жазған өлеңдері үш мың жолды құрайды. Әсіресе, «Ленинградтық өренім», «Москваға», «Майданға хат» сынды өлеңдері бар. Жамбыл ақын өмір мен өлім арпалысына түскен жауынгерлерге отты жырлары арқылы жігер беруге тырысқан.

Жамбыл Жабаев 1945 жылдың 22 маусымында Алма-

ты облысының Ұзынағаш елді мекенінде 99 жасында дүниеден өтті.

Жамбыл Жабаев – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, XX ғасырдың Гомері, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы болып тарихта қалды. Оның отты сөздері ұрпақтан ұрпаққа жетіп, қазақ рухының асқақтығын айқындай береді.

**Е.ЕСТАЕВ,**  
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалының архивисті.

### ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА

## ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА ЕСЕП

Құрметті әріптестер!

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді ҮЕҰ Дерекқорына ұсынудың кезекті мерзімі басталды.

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтер беру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламалар мен әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ, ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді келесі тәсілдердің бірімен ұсына алады:

1) ҮЕҰ Дерекқорының <https://infonpo.gov.kz/> интернет - порталы арқылы (заңды тұлғаның ЭЦҚ кілті болу керек);

2) уәкілетті органға қағаз және электрондық

тасығыштарда (Word форматында CD-дисктерде немесе USB флэш - жинақтаушыларда) пошта арқылы немесе қолма - қол ұсынады (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті).

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді ұсынбау, уақтылы ұсынбау және толық емес немесе көрінеу, жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

Ұсынудың соңғы мерзімі – 2026 жылдың 31 наурызына дейін.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға хабарласыңыз:

8 771 77 2 2746, 8-728 - 32-2-14-12 немесе [akso-ovp@mail.ru](mailto:akso-ovp@mail.ru) электрондық поштаға.

## Құқықтық сауаттылықты арттыру – қоғам тұрақтылығы

Құқықтық сауаттылықты арттыру – қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы. Азаматтардың заңды білуі, өз құқықтары мен міндеттерін түсінуі қоғамдық келісімді нығайтып, ксенофобия мен кемсітушіліктің алдын алуға ықпал етеді.


Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұлтына, дініне, тіліне, нәсіліне, әлеуметтік, тектік немесе өзге де белгілеріне байланысты азаматтарды кемсітуге, сондай-ақ, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік немесе діни араздықты қоздыруға қатаң тыйым салынады.

**Аталған әрекеттер үшін:**

- Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген;
- Ақпараттық кеңістікте, соның ішінде әлеуметтік желілерде жасалған құқықбұзушылықтар да заң аясында қаралады;
- Араздықты қоздыруға бағытталған контентті тарату – құқықтық жауапкершілікке негіз болады.

Құқықтық мәдениеті жоғары қоғам - тұрақты дамудың кепілі. Заңды сақтау, өзара сыйластық пен төзімділікті қалыптастыру – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

## ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ, РУЛЫҚ, НӘСІЛДІК НЕМЕСЕ ДІНИ АЛАУЫЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУ – ҚЫЛМЫС



Қазақстан қоғамының басты құндылығы – бейбітшілік пен тұрақтылық. Осы құндылықты қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасы қоғамда алауыздықты тудыратын кез келген әрекетке қатаң тосқауыл қояды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 174-бабына сәйкес:

«Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру» – қылмыс болып табылады.

Бұл заң аясында жеккөрушілік пен араздықты насихаттау, бір ұлтты, дінді немесе әлеуметтік топты екінші топқа қарсы қою, кемсітушілікке шақыру, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін арандатушылық ақпарат тара-

ту үшін ірі көлемдегі айыппұлдан бастап 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Әсіресе, соңғы уақытта әлеуметтік желілерде таралатын арандатушылық жазбалар мен бейнероликтер қоғамда дау-дамайға себеп болуы мүмкін. Мұндай материалдар Қылмыстық кодекспен тыйым салынған және олар үшін жауапкершілік қарастырылған.

**Ескерту:**  
Әрбір азамат өз сөзі мен ісіне жауапты. Қоғамдағы татулық пен келісімді сақтау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Араздық тудыратын жалған ақпаратқа ермейік, оны таратпайық. Ол үшін ірі айыппұлдан бастап 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

## КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕККЕ БАСТАР НАҚТЫ ҚАДАМ

Ақсу ауданында еңбек нарығын жандандыруға бағытталған маңызды әлеуметтік іс-шара өтті. «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалында Мансап орталығының ұйымдастыруымен «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Аталған жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыс іздеуші азаматтар мен жұмыс берушілер арасында тікелей байланыс орнатып, халықты тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал ету. Іс-шараға аудан аумағындағы түрлі мекемелер мен кәсіпорындардың өкілдері қатысып, өздеріндегі бос жұмыс орындарын ұсынды.

Жәрмеңке барысында жұмыс іздеушілер жұмыс берушілермен бетпе - бет сөйлесіп, еңбек шарттары, жалақы көлемі, жұмыс кестесі туралы нақты мәліметтер алды. Сонымен қатар, қатысушыларға қолжетімді еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар таныстырылып, түйіндеме дайындау, қайта даярлау курстарына қатысу және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңестер берілді.

«Кедергісіз келешек» жобасы әлеуметтік осал топ



өкілдерінің, жастардың және жұмыссыз азаматтардың еңбек нарығына бейімделуіне жол ашып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беруді көздейді. Осы бағыттағы жәрмеңке – сөзден іске көшкен нақты қадамның айғағы.

Іс-шараға келген көптеген азаматтар өздеріне лайықты жұмыс орындарын тауып, алдағы уақытқа сеніммен қарауға мүмкіндік алды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жәрмеңкелер алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізілмек.

Еңбек – ел дамуының тірегі. Ал, осындай игі бастамалар халықтың әл-ауқатын арттырып, кедергісіз келешекке бастайтыны сөзсіз.

**Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**  
аудандық партия  
филиалының консультанты.

## ҰРПАҒЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН...

Қазағымыздың бетке ұстар ұлдарының бірі, ақын Жұбан Молдағалиев айтпақшы «Мың өліп, мың тірілген» ұлтымыздың басына не келіп, не кетпеді. Бірде батып, бірде қалқып - малтып, ойлы – қырлы, бұлтарыс - бұлаңы көп тіршілікте күн кешкен қазақ сан ғасыр армандаған армандарына жетіп, бодандықтың шырмалған бұғауынан біржолата құтылып, тәубә бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізді. Бүкіл дүние жүзіне танымал ешкімге жалтақтамай өз тағдырын өзі шешетін егеменді, тынысымыз кең, еркін ел атандық.

Алла әмсе тіл - көзден сақтасын!

Осындай кең байтақ елде жер жанаты Жетісудың ағынды да арынды өзендерінің бірі - Ақсу атымен аталатын біздің ауданымыз қарыштап өрлеп қарқынмен алға жылжып келеді. Өрісі малға, даласы егінге толған ауданымыз ел байлығына үлесін қосқан бірегей аудан. Жерлес ақынымыз Тұрсынзада Есімжанов Ақсуым қасиетінен айналайын - деп жырлағандай киелі Ақсу топырағы қоғам және мемлекет қайраткерлерін, от ауызды, орақ тілді шешен ақындарды, батырлар мен ерлерді, ел экономикасы және мәдениетін дамытуда үлес қосқан даңқты еңбек ерлерін әкелген. Қашан, қайда жүрсек те. Біз Ақсулықпыз - деп көкірегімізді кере айта аламыз. Ылайым осы қуанышымыз, осы биіктігіміз жақсылықпен ұрпақтан - ұрпаққа жалғасын тауып шарықтай берсін!

Тәңірім соған жазсын!

Еліміздің, өлкеміздің экономикасының жедел дамып мәдениетінің өркендеп келе жатқаны теледидардан көріп, баспасөз жаңалықтарынан оқып, жанымыз жей тапса, енді бірде әлемнің түпкір - түпкірінде, тіпті өз еліміздегі жан түршігерлік жайттар туралы хабарды тыңдап шатынамыз. Теледидардан көрген, газеттен оқыған барлық оқиғаларды ойға түсіріп салыстырып, жан дүниең алай - дүлей болатын кездер де аз емес. «Қауіпсіз Қазақстан үшін» айдарымен шығып жүрген «Заң мен тәртіп» бағдарламасы біздер, қарттар қатарын терең ойлауға мәжбүрлейді. Өмірге өзгеше көз қараспен қарауымыз керек шығар, тіршілікке өзгеріс енгізу қажет пе? Әсіресе, ұрпақ болашағы келешегін жақсылыққа бағыттау үшін не істеу керек? - деген сұрақтар туындайды. Бұл күрделі де маңызды сұрақтар екендігі әркімге аян. Ұрпақ – біздің болашағымыз. Еліміздің келісті келешегі де қазіргі ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты соңғы жылдардағы дүниеге келген сәбилердің ақыл - есінің дамуының төмендеуі, сондай-ақ, жасөспірімдердің тәртіп бұзушылыққа икем болуы нәліктен?

Әрине, әртүрлі жарнама себептер де жоқ емес шығар. Осы айтылған, айтылмай қалған келеңсіз жайттардың ортақ себебі, «алкоголизм» десем жаңылмаймын.

Ішімдіксіз ауыл – бұл тек арақтан бас тарту емес, ол ең алдымен ұрпақ тағдырына деген жауапкершілік. Алкоголь отбасындағы тәрбиеге, баланың ақыл-есіне, жастардың мінез-құлқына тікелей кері әсер етіп, қылмыс пен қайғылы жағдайлардың көбеюіне жол ашады. Ал, ішімдікке тосқауыл қойылған ортада тәртіп күшейіп, ата - ана беделі артып, жас ұрпақтың санасы сергек, болашағы жарқын болады. Сондықтан ішімдіксіз ауыл құру – қоғамды сауықтырудың, ел келешегін сақтаудың ең тиімді жолы. Иә, ішімдіксіз ауыл – тәртіпті қоғамның, дені сау ұрпақтың және қауіпсіз болашақтың кепілі. Ал, осы арақтан арылған ауылда қылмыс азайып, бала тәрбиесі түзеліп, елдің ертеңі нықталатыны сөзсіз. Олай болса, ішімдікке жол жоқ ауыл – ұрпаққа жасалған ең

үлкен қамқорлық – деп білемін.

Менің ойымды көзі ашық, көкірегі ояу, өмірге жаңаша көзқараспен қарайтын ұрпақ мәселесіне алаңдайтын, ел болашағына алаңдайтын ата - ана, үлкен - кіші қостайды. Өйткені, қалада да, ауылда да, тіпті жол бойында тізбектелген кафе, асхана, дүкендердің сөрелеріне түр - түрі толып тұрады.

Түркістан облысында 70 -ке тарта ауыл «Ішімдіксіз ауыл» атанған. Осы бастама аясында алкоголь өнімдері сатылмайтын ауылдар саны жыл санап артып келе жатқанын Түркістандықтар қуанышымен жариялайды. Абай облысында 14 ауыл, демек бір аудан, осындай «Ішімдіксіз аудан, ауыл» атанғаны жайлы баспасөз бетерінде, теледидарда хабарланды. Жергілікті халық қуанышында шек жоқ. Бұл игі бастаманы ауданымыздағы бірқатар елді мекендер де жүзеге асырып отыр. Бес ауыл – Қаракөз, Кеңғарын, Жаңалық, Тарас, Егінсу - алкоголь өнімдерінен түбегейлі бас тартты. Жергілікті тұрғындар мен кәсіпкерлер ортақ келісім мен нақты шешім қабылдады, қазіргі таңда оң нәтижесін беруде. Болашақ ұрпақтың саулығы үшін нақты қадам жасаған ауылдың тыныштығы мен тәртібін сақтау үшін батыл шешім қабылдаған аталған ауылдардың басшыларына, кәсіпкерлеріне тұрғындарын шетсіз - шексіз алғыс дер едім. Бұл ұрпақ келешегі үшін өте құнды бастама. Ішімдіксіз орта салауатты өрі өрелі қоғам қалыптастырудың алғышарты. Қоғамдағы тәртіпті нығайту, жастарға дұрыс тәрби беру, тұрмыстық жанұялық дағдарысты тоқтату, өлім тағы басқа келеңсіздікті жою - осының бәрі ішімдіктен бас тартқан кезде ғана жүзеге асатыны шындық. Мойындағанымыз жөн. Дер кезінде «Заң мен тәртіп қағидатын аясында» «Ішімдіксіз ауыл» бастамасы қылмысты азайтуға көмектеседі - деген ақылға қонымды ұрпақ үшін пайдасы зор да мол пікірді ортаға салып - қазіргі таңда өмірлік тәжірибемен дәлелдеп отырған 5 ауыл тұрғындары ізденіп, зерттеудің нәтижесінде мұраттарына жетіп отырғандарын мақтан етеді. Басқа ауылдарға тіпті аудан, облысқа үлгі. Болашақ ел мүддесі үшін пайдасы шексіз, мол - бұл бастамадан үлгі алу, бұл бастаманы қолдау - әр салықалы саналы азаматтың міндеті. Ұрпағымыздың болашаққа алаңсыз қадам басуы білім мен еңбекті басты құндылық деп танитындай тәрбиелеу - біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Ата - ананың арманы да осы емес пе? \*\*\*

Құрметті Заң орнының қызметкерлері, аудан, ауыл тұрғындары. Қазыналы қарттар, жерлестерім, медицина қызметкерлері, ұстаздар, халық қалаулылары депутаттар. «Халық айтса қалт айтпайды», - демекші ұрпағымызды жарқын болашақ күтіп тұрғанына сеніммен қарап «Ішімдіксіз ауыл» бағдарламасын бітіліп түрде қолдайық. Еліміздің игілігі үшін ауданымызда, ауылымызда салауатты да сауатты, тәртіпті, мәдениетті қоғам қалыптастыру үшін бірігейік.

Қазыналы қарттар! Мазмұнды да, маңызды бастаманы көтерген ауыл азаматтарына қолдаушы жерлестерімізге ақ батамызды берейік.

Халыққа пайдамызды тигізейік, Үгіт жұмысын да жүргізейік.

Бастаманы іске асыруға атсалысып,

Өңірге өрелі жаңалық енгізейік.

**Закира НҰРЫШҚЫЗЫ,**  
ҚР оқу ісі үздігі, Ыбрай  
Алтынсарин Тесбелгі иегері,  
Еңбек ардагері,  
Ақсу ауданының «Құрметті азаматы».

## Меритократия - мемлекеттік қызметке қабылдау мен ілгерілеудің нақты қағидаты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап өтіп, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік қызметті дамыту қағидатының бірі – меритократия, яғни мемлекеттік қызметке іріктеу және қызметі бойынша ілгерілету сiңiрген еңбегіне, құзыретіне және кәсіби дағдыларына негізделеді деп көрсетілген.

Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі меритократия қағидатына негізделген мемлекеттік қызметтің өзіндік үлгісі қалыптастыра алды. Үміткерлер мемлекеттік

қызметтегі өзінің кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілеуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктері негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету ішкі конкурстар және ауысу тәртібімен жүзеге асырылады. Негізгі талап: мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының болуы.

Меритократия қағидатының іс жүзінде іске асырылуы мемлекеттік аппаратқа деген сенімділікті нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің жай-күйі туралы есептілігінің нәтижесіне сәйкес, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Бұл қағидат мемлекеттік қызметшінің жеке сiңiрген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік

қызмет бабында ілгерілету қағидатына негізделіп, ашықтық, жариялылық және әділдік принциптерімен ұштастырылған.

Бәсекеге қабілетті ел — барлық салада бәсекеге қабілетті мамандардан құрылады. Меритократия тең мүмкіндіктің және әділдіктің арқасында мемлекеттік қызметте қызмет баспалдағы бойынша қабілетті, білікті маманның жоғарылауына ықпал жасайды. Осы орайда, меритократия қағидатын уақыт талабына сай нығайту арқылы қабілетті қызметкерлерді шыңдауға, олардың кәсіби деңгейін арттыруға болады.

Меритократия қағидатын қолдану мемлекеттің өркендеуіне бағытталған жол, ал меритократия принциптерін нығайту мемлекеттік қызметшінің сiңiрген еңбегін әділ бағалаудың мүмкіндігі болып табылады.

**Б.ШАРИПОВА,**  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің Жетісу облысы  
бойынша департаментінің  
Мемлекеттік қызмет  
басқармасының бас маманы.

## ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

## Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді

азаматтар базасына» (МAB) тіркелу қажет. Бұл үшін [egov.kz](http://egov.kz) порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жіберу алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МAB-на тіркеу болып табылады. МAB-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы

іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдық мекен-жайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Асхат ЖАҚСЫЛЫҚОВ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

## Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар



орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі», «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

**Алия БЕКСҰЛТАНОВА,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

## Ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті [qatqog.gov.kz](http://qatqog.gov.kz) ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни өтініштерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15-20 күн күтудің қажеті жоқ.

Сервис интернет - ресурстарды пайдаланушыларға

үйден шықпай-ақ, сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін [qatqog.gov.kz](http://qatqog.gov.kz) порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама

қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

**Айдын ТӨРЕБЕКОВ,**  
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.

## Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай – ақ, тәртіпті қорғау үшін прокуратураға мартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:  
- әдейі;  
- пошта қызметі арқылы;  
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);  
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ, адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды. Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

**Санат БАЙТАСОВ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлім прокуроры.

## Бизнесі қорғау



мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды. Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесі заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез - келген кәсіпкер Комитеттің «[www.qatqog.gov.kz](http://www.qatqog.gov.kz)» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

**Ернұр БЕКТҰРСЫНОВ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

# Ана тілі - рухани тәуелсіздіктің тірегі



Мен үшін ана тілі – оқулықтағы тақырып та, мерекелік ұран да емес. Ол – менің ойымның тынысы, жүрегімнің үні. Өйткені мен нағыз патриот, нағыз тіл жанашырымын. Мен қай жерде жүрсем де, қандай биікке ұмтылсам да, ішкі әлемімде мені өзіме қайтаратын бір ғана күш бар. Ол – ана тілім.

Бір ұлтты жою үшін қару да, соғыс та қажет емес. Оның тілін үнсіз қалдырса жеткілікті. Себебі, тіл өшкен сәттен бастап халық та тарихтың шетіне ығысады. Мен осыны түсінген сайын ана тіліне деген жауапкершілігім ауырлай түседі. Өйткені ана тілі – тек сөйлейтін құрал емес, ол – менің кім екенімді дәлелдейтін рухани төлқұжатым, тәуелсіздігімнің ішкі шекарасы.

Тәуелсіздік деген ұғым көбіне шекарамен, байрақпен, елтаңбамен өлшенеді. Ал шын мәнінде, тәуелсіздік – ең алдымен санада басталады. Сананың тілі – ана тілі. Өз тілінде ойлай алмаған ұлт өз болашағын да өз қалауынша жасай алмайды. Өйткені тіл – тек сөздер жиынтығы емес, ол ғасырлар бойы жиналған дүниетаным, өмір сүру салты, ұлттың мінезі.

Тәуелсіздік – тек саяси ұғым емес. Ол – ең алдымен рухани күй. Рухани тәуелсіз адам өз ана тілінде ойлайды, өз тілімен сезінеді, өз тілімен әлемді таниды. Ана тілінен ажыраған сана еркін бола алмайды, ол әрдайым өзгені ықпалында қалады. Сондықтан мемлекеттік тіл – елдің рухани шекарасы.

Қазақ тілі – көшпенді даланың кеңдігін, халықтың сабырын, сөзге тоқтаған тектілігін бойына сіңірген тіл. Бұл тілде артық сөз жоқ, бірақ әр сөздің салмағы бар. Бұл тілде намыс бар, бұл тілде ұят бар, бұл тілде тағдыр бар. Осындай тілді тек тұрмыстық деңгейде шектеу – ұлтқа жасалған қиянат.

Бүгінгі қоғамда тіл үшін күрес айқаймен емес, санадағы таңдаумен жүреді. Қай тілде ойлаймыз? Қай тілде армандаймыз? Баламызға бесік жырын қай тілде айтамыз? Осы сұрақтардың жауабы – ұлттың ертеңін анықтайды. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі қағаз жүзінде емес, күнделікті өмірде артқанда ғана ол шын мәнінде тірекке айналады.

Ана тілі – халықтың рухани иммунитеті. Ол әлсіресе, ұлт өз болмысынан айырылып, тамырынан ажырай бастайды. Ал

тамырынан ажыраған ағаштың көгеруі мүмкін емес. Сондықтан тіл тағдыры – ұлт тағдыры.

Халықаралық ана тілі күні бізге бір нәрсені еске салады: тілге құрмет – мерекелік сөзбен емес, күнделікті әрекетпен өлшенеді. Ана тілінде сөйлеу – міндет емес, ар. Ана тілінде жазу – парыз емес, жауапкершілік. Ана тілінде ойлау – таңдау емес, рухани тәуелсіздіктің белгісі.

Біз ана тілімізді сақтағанда ғана өткенге адал, болашаққа сенімді боламыз. Өйткені, ана тілі – ұлттың үнін өшірмейтін, рухын әлсіретпейтін мәңгілік тірек. Тілі бар халықтың – тірегі бар. Тірегі бар елдің – тәуелсіздігі берік.

Иә, Ана тілінде халықтың күлкісі де, көз жасы да, үміті де, наласы да сақталған. Әр сөздің астарында тарихтың табы бар. Бір ғана «жер» деген ұғымның өзі қазақ үшін мекен емес, ол – ата - баба қаны тамған қасиет, ұрпаққа аманат. Мұны басқа тілде дәл солай сезініп, сол тереңдікпен жеткізу мүмкін емес.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі артқан сайын, ұлттың өзіне деген сенімі де нығаяды. Өз тілінде сөйлеген халық өз болмысынан ұялмайды, өз тарихын жатсынбайды, өз жолын таңдаудан қорықпайды. Тіл – рухтың қорғаны. Ол әлсіресе, рух та жалаңаш қалады.

Қазіргі қоғамда ана тілі кейде тек ресми міндет ретінде қабылданады: құжат тілі, жиналыс тілі, есеп тілі. Ал тілдің шын мәніндегі күші – оның күнделікті өмірде, жүректе, ойда өмір сүруінде. Тіл тек мінберде емес, бесіктің жанында,

отбасылық әңгімеде, достар арасындағы әзілде, махаббат сөзінде тірі болуы керек.

Адам алғаш сөйлеген сөзін есінде сақтамайды, бірақ сол сөздің рухы өмір бойы бірге жүреді. Адам баласы өмірге келгенде ең алғаш еститін әуен – анасының үні. Сол үнмен бірге жүрекке сіңетін алғашқы сөз бар. Ол – ана тілі. Бұл тіл – бізге кейін үйретілмейтін, дайын күйінде берілетін рухани мұра. Ана тілімен бірге бізге халықтың мінезі, тарихтың ізі, ұлттың жаны қонады. Мен де ана тілімді кейін үйренген жоқпын, мен оны анамның әлдінен, әжемнің әңгімесінен, даланың үнсіздігінен бойыма сіңірдім. Сол себепті бұл тіл мен үшін қатынас құралы емес, болмысымның бөлінбес бөлігі.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін заңмен көтеруге болады, ал оның қадірін тек жүрекпен көтеруге болады. Тілге деген шынайы құрмет ұраннан емес, үлгіден басталады. Баласына қазақша ертегі оқыған ата - ана, қазақша ойлап, қазақша армандаған жас – рухани тәуелсіздіктің шын тірегі солар.

Ана тілі – ұлттың жадын сақтайтын аманат сандық. Ол ашылса – тарих сөйлейді, ол жабылса – үнсіздік орнайды. Ал үнсіз ұлттың ертеңі бұлыңғыр. Сондықтан ана тілін сақтау – өткенге тағзым ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілік.

Біз тілге жан бітіргенде ғана, тіл бізге рух береді. Біз ана тілімізде еркін сөйлеп, еркін ойлап, еркін жазғанда ғана нағыз тәуелсіз елге айналамыз. Өйткені, рухани тәуелсіздік – тілден басталады, ал ана тілі бар жерде ұлттың үні өшпейді.

Тәуелсіздік туралы көп айтылады. Бірақ меніңше, тәуелсіздік ең алдымен адамның ішінде басталады. Өз ана тілінде ойлай алмаған адам рухани тұрғыда еркін бола алмайды. Мен өз ойымды өз тілімде айта алғанда ғана өзімді тәуелсіз сезінемін. Себебі тіл – рухтың еркіндігі.

Қазақ тілі – мен үшін тереңдік. Бұл тілде асығыстық жоқ, бірақ мағына мол. Бұл тілде бір ауыз сөзбен тұтас тағдырды айтуға болады. Осындай тілді сақтау – тек міндет емес, бұл – ар ісі. Мен ана тілімді қорғағанда, шын мәнінде өзімді қорғаймын.

Қазіргі қоғамда тіл үшін күрес мінберден емес, күнделікті таңдаудан көрінеді. Мен қай тілде ойлаймын? Қай тілде армандаймын? Болашақта балама қай тілде үн қатамын? Осы сұрақтарға берген әр жауабым – менің рухани ұстанымым. Мен ана тілімді таңдағанда, өз тамырымды таңдадым.

Ана тілі – халықтың рухани иммунитеті. Ол әлсіресе, ұлттың жаны да әлсірейді. Мен өз тілімді қадірлеу арқылы ұлттың рухани саулығына үлес қосамын деп сенемін. Өйткені, тіл – ұлттың ішкі тірегі.

Мен үшін ана тілі – өткеннің елесі емес, болашақтың бағдары. Мен өз ана тілімде ойлап, өз ана тілімде сөйлеп, өз ана тілімде өмір сүргім келеді. Себебі мен білемін: тілсіз тәуелсіздік – бос ұғым.

Соңында бір ғана сеніммен тоқтағым келеді: ана тілі бар жерде – рух бар, рух бар жерде – тәуелсіздік бар.

Мен сол тәуелсіздіктің сөзбен емес, санамен қорғалатынын түсінемін.

Сондықтан мен ана тілімді таңдаймын. Күнде. Әр ойымда. Әр сөзімде.

Өйткені, мен үшін ана тілі – рухани тәуелсіздіктің ең берік тірегі.

Қорыта айтқанда әр халықтың жүрек соғысы бар. Ол – көзге көрінбейді, қолға ұстатпайды, бірақ бар болмысымен сезіледі. Сол жүрек соғысының аты – ана тілі. Тіл бар жерде ұлт бар, тіл әлсіреген жерде рух та әлсірейді. Сондықтан мемлекеттік тіл – жай ғана қарым - қатынас құралы емес, ол ұлттың рухани тәуелсіздігінің тірегі, халықтың ішкі еркіндігінің айғағы.

Ербол СЫМХАНОВ.

Мәдениетіміздің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

Мақалаға түзгіз

Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.

Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол башы болады.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі қор қате.

Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ:

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Газетіміздің 2024 жылы 19 қаңтардағы №3 (10 206) санында ғаламтордан алып, автордың өз атымен ел оқитын тарихи дерек ретінде жарияланған «ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ» атты мақалада сілтеме көрсетілмегендіктен авторлық құқық бұзылды. Сондықтан мақала

авторы - филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры Алмасбек ӘБСАДЫҚ мырзадан кешірім сұраймыз.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.

## МЕН ҚАЗАҚТЫН..

Мен қазақтың. Мен билейтін би қазақ.  
Мен қазақтың. Мен жырлайтын жыр қазақ.  
Мен қазақтың. Қабақ шытса бір қазақ  
Демесін де, жербесін де мың қазақ.  
Ағайынды, бауырларды, туысты  
Шеттетпейді, жатсынбайды шын қазақ.  
Асып - тасқан бай болсада бұл қазақ  
Туысына тапсынбайды шын қазақ.  
Мен қазақтың. Жатсынбаймын қазақтың мен салтын да,  
Дәстүрін де. Қадір тұтам сол баяғы қалпында.  
Мен қазақтың. Айналайын қазағым,  
Мен қазақтың қазақ үйін қасиетті шаңыраққа баладым.  
Мен қазақтың, сыйлап өскем Әкем менен анамды  
Ата - аналық парызым деп тәрбиелеймін баламды.  
Мен қазақтың, бәрі қазақ - Отаным да, жерім де,  
Ауылым да, туып өскен елім де. Бәрі қазақ - кең далам да,  
Асқар тау да, құм үйірген шөлім де  
Байрағым да желбіреген көгімде.



Мен қазақтың, бәрі қазақ, бар тіршілік жердегі Қазақстан деген еркін елдегі. Мен қазақтың, мен сөйлейтін тіл қазақ  
Қазақ тілі мемлекеттік тіл екенін біл қазақ.  
Қазақтың кең жеріндегі барлық ұлт - Қазақ тілін жаттап жүрсе сарылып.  
Мәртебесі есер еді тілімнің, Бүгінгідей жүрмес еді тарылып. Қазақтың деп бүлкілдесе тамырың,  
Қазақтың деп соқса егер жүрегің.  
Тек қазақша сөйлесейік өзара, Намысы бар қазақтарға тілегім! Барлық қазақ сөйлесе егер қазақша,  
Қазақ тілі жүрмес еді тарылып. Олай болса айналайын қазағым,  
Намыс қайда. Өзімізде бар үміт.

Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ.

## АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"

Меншік иесі - ЖШС

"Ақсу өңірі" газеті

Құрылтайшы, директор -

бас редакторының міндетін

уақытша атқарушысы

СЫМХАНОВ ЕРБОЛ

ӘБДІКӘРІМҰЛЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488

Осы шығарылымның таралымы 2510



Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.



Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.